

вуют увеличению его смысловой емкости.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Л.Г.Бабенко. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа. – М.: Академический проект, 2004.
2. Е.Ю.Канрашина. Представление знаний о времени и пространстве в интеллектуальных системах. – М.: Наука, 1989.
3. Е.С.Кубрякова. Категоризация мира: пространство и время. – М., 1997.
4. Д.С.Лихачев. Внутренний мир художественного произведения. // Вопросы литературы, 1968, № 8.
5. Н.И.Жинкин. Речь как проводник информации. – М.: Наука, 1984.
6. А.Б.Есин. Время и пространство // Введение в литературоведение.– М.: Высшая школа, 1999.

7. В.Савельева. Художественная антропология и творчество писателя. Алматы, 2007.
8. Ф.М.Достоевский. Полн.соб.соч. в 30 томах. Т.5, – Л.: 1973.

#### Түйіндеме

*Бұл мақалада әдебиет теориясындағы уақыт пен көлемдік категорияларының мағынасы қарастырылған.*

*Көркем мәтінді құрастырудағы хронотоп мағынасы Достоевский шығармашылығында көрсетілген.*

#### Conclusion

*In the article “Time organization in creative activity of F.M. Dostoevsky” the questions on categorical meanings of space and time in the theory of literature are viewed.*

*The meaning of chronotop in a text organization is showed through the example of Dostoevsky creative activity.*

#### Султанбекова Ж.Х., Мукалиева Б.Х.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

#### БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРІ ГРАФИКАЛЫҚ ӨНЕРІ

Бейнелеу өнері қолмен ұстап, көзбен көргендей етіп, көркем бейнелер арқылы баяндалады. Көркем шығармалар айналамыздағы дүниені жақсырақ, толығырақ түсінуге үйретіп қана қоймай, ол біздің- санамыз бен түйсік-сезімімізге тікелей әсер етеді. Сол себепті біз бейнелеу өнері туындыларын әр деңгейде қабылдаймыз. Бейнелеу өнерінің адам үшін берері мол. Көркем шығармалар арқылы өткен өмір тарихына назар аударып, оны көз алдымызға елестете аламыз.

Бейнелеу өнерінің ерекшелігі-суретшінің өз көзімен көріп, түсінген шындығын сол сәтімен айқын көрсетуінде. Суретші образдардың, өмір шындығының типтік жағын таңдап ала отырып, заманның тыныс-тіршілігін жинақтап, жан-жақты бейнелейді. Адамзат өмірінде бейнелеу өнерінің маңызы өте үлкен, оның қоғам өміріндегі рөлі де аса зор. Біреулер кемелдікке суреттің композициялық құрылысы

арқылы, енді біреулер живописьтік құрылысы арқылы ие болады. Бәрін бірдей үйлестіріп келтіру барлық адамның қолынан келе бермейді. Әр суретшінің шығармасы оның өзіндік ерекше белгілерімен, қолтаңбасымен айқындалады.

Бейнелеу өнері алуан түрлі де, алуан қырлы. 19 ғ-ға дейін сәулет, мүсін және живопись өнердің басты үш түрі болып есептеледі. Ал 19 ғ. аяғына қарай графика қызметтік және қосалқы түрден өнердің жеке және мүлдем дербес бір түріне айналды.

Графика дегеніміз – қағаз немесе картон бетіне қарындаш, қаламұш, қылқалам немесе басқа машиналармен орындалған сурет. «Графика» атауы гректің «жазамын», «суретін саламын» деген сөзінен шыққан.

Графика суреті орындалу тәсіліне қарай бірнеше түрге бөлінеді.

Графика шығармаларына қарындашпен салынған суреттер, гравюра-

лар, кітап иллюстрациялары, газет суреттері, карикатуралар, плакаттар, жарнамалар жатады.

Қағаз бетіне салынған литографиялар, түсті гравюралар, түрлі түсті қарындаш және бормен салынған суреттер де графикаға жатады.

Графиканың бейнелеу құралдары: штрих, сызық, таңба. Бояу белгілі мөлшерде ғана қолданылады.

Линогравюра ақ және қара бояудан ғана тұрады. Бұл линолеумнен ойып көшірілген.

Суретші бейнелейтін көрінісін линолеумге салады. Содан кейін линолеум жуып тазартылады. Сурет әбден дайын болғанда құрғақ болуы тиіс. Сурет салынып, ойылып шыққаннан кейін типография бояуы жағылып, үстінен қағаз төсеп, линография тақтасына апарып тезге салады.

Зер салып қарасаңдар қара фонда-ақ, ақ фонда-қара, бірде қалың, бірде жұқалап тартылған сызықшаларды байқайсыңдар.

Жалпы линогравюра тәсілімен жұмыс істеу мектеп оқушылары үшін өте тиімді.

Линография арнаулы әк тасқа салынады. Ол үшін әуелі тастың беті мұқият тегістеледі, сонан соң қою жұғатын линография қарындашпен не тушьпен сурет салынады. Сурет әбден дайын болғанда оның бетіне қағаз төселеді де, тезге салып қысылады.

Суретші линография тәсілімен жұмыс істегенде ойлаған суретін әк тас бетіне қарындашпен немесе тушьпен салады. Содан кейін сурет салынған тасты азот қышқылы ерітіндісімен өңдейді. Тастағы майлы қарындаш пен тушьтің ізі қышқыл ерітіндісін қабылдамайды. Керісінше, линогравюра бояуы сурет салған іздерге жұғады. Осы әдіспен қағаз бетіне басады

«Гравюра» – таңдап алынған материал (ағаш, линолеум, плексиглас, т.б.) бетіне арнаулы аспаптармен ойып салынған сурет.

«Гравюра» атауы француздың «ою-нақыштау» деген сөзінен шыққан.

Ағашқа салынған гравюраны «ксилография» деп атайды. Гравюрада ақ пен қарадан басқа солғын боялған жерлер де болады. Ол сызықтардың санына, бағытына байланысты, сол арқылы әлгіндей солғын боялған жерлер әр түрлі ренде болады.

Енді графиканың ең қарапайым түрі қарындаш, тушьты пайдалану арқылы жұмыс жасап үйренейік. Мұндағы ең басты рең-ақ пен қара. Ақ түсті қағаздың өңін пайдаланамыз. Сурет салу жүйелі ойлауды және іскерлік пен дағдыны барынша талап етеді. Тушь бояуымен жұмыс істеу өте ұқыпты бояуды талап етеді. Сондықтан, тушьпен графикалық жұмыс орындағанда нақты белгілеп, мұқият іс-әрекет жасауа үйрену керек. Тушь бояуымен графикалық жұмыс орындағанда әуелі шағын қағазға түрлі жобалық суреттер іделінеді. Таңдалып алынған тақырыпқа байланысты суреттің композициялық құрылымы табылған соң оны сурет альбомына бейнелеуге болады. Ең алдымен бейнелейтін нәрселердің рендік қатынастарын анықтап аламыз. Сонан кейін барып қараңғы бөліктен бастап штрихтап бояуға көшеміз. Графикалық жұмыс орындауға басты талап-көлем, форма, кеңістік мәселелерін айқындау.

Қазақ суретшілер мазмұны мен құрылымы жағынан ерекше болып келетін ұлттық өнерді дамытты. Енді, біз Қазақстанның графикалық өнерінің даму тарихына тоқталайық.

Қазақстан Республикасының ұйымдастыру комитетімен 1933 жылы Суретшілер Одағы құрылды, бұл Одаққа шығармашылықпен жұмыс істейтін, еліміздің түпкір-түпкіріндегі суретшілер жиналды. Суретшілердің алдағы уақытта шығармашылық ізденістерін және ұсыныстарын көптеген сурет көрмелерін ұйымдастыру, осы одақ арқылы жүзеге асып жатты. Алдыңғы қатарлы кәсіби суретшілердің қатарына А.Риттих, Г.Брылов, Г.Гербановский, Х.Ходжиков, А.Исмаилов, В.Антошенко-Оленов, Н.Крутильников және басқалар кірді. Суретшілер

В.Штернбергер, А.Гронович, Б.Залесский, Т. Шевченко, В.Верещагин, Н.Хлудов және басқалар графика саласымен айналысты. Қазақстан графикшілерінің шығарма-шылығына ұлттық мінезбен жадыраңқы көңіл-күй тән.

Суретші-графиктер әр түрлі әдістер мен техниканы еркін меңгереді-линолеуммен жұмыс істегенді жақсы көреді.

Қазақ графикшілерінің бірі болып саналатын керемет суретші Ходжахмет Қоңғырхаджаұлы Ходжиков. Ходжахметтің әкесі Қоңғыр Ходжа өте білімді адам болған. Балаларына жақсы тәрбие берумен қатар, олардың бойына білім-өнер дағытқан сүйген адам еді. Ол халық қолөнерінің майталман шебері болды. Ходжиковтардың отбасында әр уақытта өнердің лебі есіп тұрды. Осындай ортада Ходжахмет тәлім-тәрбие алып өсті. Ол Москвада ВХУТЕМАС-та білім алды. Москвада оқып жүргенде әйгілі орыс және әлем өнерінің галереяларында, мұражайларында өнер туындыларымен танысып, көрнекті орыс суретшілерімен достасты. Солардың бірі Петров-Водкин болды.

Ходжахмет өзінен кейін бірнеше жұмыстарды қалдырды, бірақ оның көптеген жұмыстары сақталмады.

Валентин Иосифович Антощенко-Оленов қазақ елінің ең байырғы суретшілерінің бірі. Қазақстанның бейнелеу өнерінің дамуына біраз үлес қосты. Оның өмірі бір қалыпты болған жоқ, көп қиындық көрді. Көркемөнер білімін Москвадан алды. 1928 жылдан бастап Қазақстанда тұрды. Қазақстан өнерінде жарты ғасыр еңбек еткен Валентин Иосифович көптеген иллюстрациялар жасады. Соның ішінде көптеген портреттер циклі, француздың көрнекті суретшілері 19 ғасырдағы Анри Маттис, Ван Гог, Полю Гоген, Пабло Пикассо және басқалар болды. Бұл шығармалардың барлығы линогавюра техникасымен орындалды. Антощенко-Оленов С.Сейфулиннің портретін линогавюра техникасымен орындаған болатын. Сонымен қатар қазақтың көр-

некті батыры Әліби Жангелдиннің портретін де линогавюра техникасымен тамаша орындады.

Әубәкір Ысмайылов алғаш ұйымдастырған көрменің қатысушысы болды. Бұл жылжымалы көрмені ұйымдастырушылар. И.Крутильников пен В.И.Уфимцев еді. Бұл жылжымалы көрме өзінің бағытын Семей қаласынан бастап, Петропавловскі мен Қызылордада болды. Бұл жұмыстардың барлығында ақ-қара дақтар мен штрихтердің қағаз бетінде бейнелі орындалуы барысында адамдардың қозғалыстағы жағдайы, мінездерінің өткірлігі суреттің нақты орындалуында тамаша көріністер тапқан.

Әубәкір Ысмайылов ұлттық би өнерінің дамуы бейнелеумен айналысты. 1961 жылы Д.Абировпен бірге “Қазақтың ұлттық биі” деген кітапті шығарды. 30-шы жыдардың аяғына таман қарындашпен көптеген жұмыстарды жазды. Ол өзінің шығармашылық жұмыстарында қазақ эпостарына арнады. Ол өзінің көптеген жұмыстарында нәзік калорит пен композициялық үйлесімділікті таба білді.

Қазақтың дарқан даласын жүрегімен сезіп, көркем туындыларды өмірге әкелді. “Көне ескерткіштер”, “Манғышлақтың жаңа өнеркәсібі”, “Қой базасы”, “Алатау”, “Сарысу алабы” және тағы басқа шығармалары, қазақ өнерінің төрінен орын алды. Ә.Ысмайылов графика өнері мен кескін өнері саласын қатар алып жүрген суретші.

Қазақ графикшілерінің бірі Константин Яковлевич Баранов. Ол көптеген қазақ жазушыларының кітаптарына иллюстрациялар салды. “Қозы-Көрпеш-Баян Сұлу”, “Алпамыс” және басқалар – Қазақстан графика тарихындағы ең бір маңызды беттердің бірі.

Графика суретшілердің бірі – Павел Яковлевич Зельцман.

Ол көп жылдар бойы “Қазақфильм” киностудиясында еңбек етті. Оның қатысуымен көптеген кинофильмдер өмірге келді. Олар “Махаббат туралы поэма”, “Дала қызы”, “Қыз-

жігіт”, “Эдельвейс гүлдейтін жерде”. Қазақстан графикшілерінің ортасында П.Я. Зальцман ерекше орын алады.

Қазақ суретшілерінің орта деңгей жастағыларының қатарына Сахи Романов жатады. Оның шығармашылығы Қазақстаннан тыс жерлерге де танылған. Сахидің шығармашылығы әрдеңгейлі. Ол- графикші, живописші және киносуретші.

Қазақфильм киностудиясында суретші – қоюшы ретінде мынадай фильмдерді жарыққа әкелді. “Іздер көкжиекке кетеді”, “Алдар Көсе”, “Ән қанаты”, “Найзатас етегінде” және басқалар. Декорация эскиздері мен кинофильм костюмдері жоғары кәсіби шеберлікпен орындалған. Қазақ фольклорына деген суретшінің үлкен махаббатты жарқын да қызықты графикалық серияларды туындауға көмегін тигізді. “Құрманғазының өмірі мен шығармашылығы” М. Әуезовтің әңгімесіне “Қараш-Қараш” фильміне салынған иллюстрациялар.

Графика өнері адамның еңбегімен байланысты пайда болып, оның айналадағы ортаға деген сезімін, ойын, көңіл-үйін, көз-қарасын білдірген. Сондықтан графика өнері тарихы адамның өзінің айналасындағы заттар мен құбылыстарды бейнелеуге талпынысып жасаған сонау ертедегі замандардан басталады. Ертедегі адамдардың заттардың беттеріне, тау-тастарда қалдырған бейнелері осының дәлелі. Бұл кезеңнің “суретшілері” жеке заттың көрінісін дұрыс бейнелегенімен, оның кеңістікпен қатынасын, кеңістіктегі орнын, қалпын бейнелеуде түрліше әдіс-тәсілдері қолданды. Мысалы, Испаниядағы Альпамир үңгірі төбесіндегі әр түрлі жануарлардың бейнелерінен кеңістікті композициялық түрде бейнелеудің өзіндік ерекшеліктерін байқаймыз.

Мезолит кезеңінде б.з.д 12-8 мың ж. бұғы аулаушылардың суретін салушылар алыстағы жануарларды жазық беттің жоғарғы жағына, ал көрушіге жақын көріністі төменгі жағына орналастырған. Осындай бейнелеу әдісте-

рін XIV-XV ғ.аңшылар өмірін білдіретін суреттерді көреміз.

Ал ертедегі Египет өнерінде алғашқы қауымдық құрылыс өнері мен онда қалыптасқан бейнелеу дәстүрі әрі қарай жалғастырылды.

Египет суретшілері белгілі көріністі жазық бетке әр түрлі сызықтармен, жолақтар түрінде көрушіден алыс немесе жақын екенін білдіретіндей етіп орналастырады. Мысалы, алыстағы көріністерді бір қатар етіп, жазық бетінің жоғары жағына, ал жақындарын-төмен жағына, бір қатар бейнеледі. Адамдар мен жануарлар тобы бейнеленген соңғы көріністе перспектива болмауына байланысты, бұл фигуралардың өлшемдері үлкейтіліп көрсетіледі.

Бірдей өлшемдегі заттардың көрінісін алдыңғы жақта кішірейтіліп, ал соңғы жақта үлкейтіп көрсету бейнелеу өнерінде кері перспектива деп аталады. Мысалы, “Саккар мазарындағы”, “Египеттегі ауыл шаруашылық жұмысы” атты рельефтік суретте тірі фигураларды контур сызықтары арқылы профиль көрінісінде бейнелеген.

Фивадағы мазарларға салынған суреттерге, әшекейлерге қарағанда Египет суретшілері адамдарды бір қатарға орналастырып бейнелеген. Мұндай орналастыруда бірнеше көру нүктесі болады. Фигураларды бейнелеуде суреттегі көріністердің алыс-жақындығына байланысты әр түрлі контур сызықтар қайталанып отырады. Графиканың бір ерекшелігі сызықтардың орынды бейнеленуі.

Сиохриба сарайындағы “Алып тас өгізді тасымалдау” деп аталатын рельефте ассирия суретшілері жақындағы құлдар мен жаунгерлердің бейнесін сурет жазықтығының төменгі жағына, ал алыстағыларды жоғарғы жағына орналастырған. Осы сияқты “Финекей соғысы мен сауда кемелерін” б.з.д бейнелеуде суретшілер теңізді жоғарыдан қарағандағыдай, ал кемелі бір қырынан бейнелеген. Бірақ алыстағы кемелер кішірейтіліп көрсетілмеген, оның есесіне бірте-бірте беттің жоғарғы жағына шығарылған.

Ертедегі Қытайдың Сычень б.з.д. 1 ғ. Провинциядағы хандардың мазараттарында бейнеленген базарындағы сауда көрінісінен де осыларды байқауға болады. Олар да жақындағыны азық беттің төменгі жағына, ал әрідегілерді жоғары жағына орналастырып, контурдың қайталануы арқылы берген.

Класицизм дәуірінің алғашқы кезеңінде Грецияның ұлы шеберлері б.з.д. 5 ғ. Мүсін кескіні, ваза кескіні салаларында адам мүсінін ракурспен бір қырынан бейнеледі. “Одиссей мен Аида” шығармасында суретші фигураларды жазық беттің әр жерінде жоғары, төмен бейнелеуге ұмтылған. Б.з.д. 5 ғ. екінші жартысында Эсхил трагедиясын көркем безендірген кезде суретші Аграфарх заттарды перспективалық жағынан бейнеледі. Ертедегі мәліметтерге қарағанда, Аплдор жарық пен көлеңке арқылы заттың кеңістіктегі калпын бейнелеуде ерекше жаңалық ашқан.

Ренесанс дәуірінде өнер теориясы өте биік деңгейге көтерілді. Суретшілер өз ұстаздарының еңбегін әрі қарай дамытты. Бұл кезде кеңістікке қатысты бағалы пікір айтқандар – Франческо, Альберти, Леонардо да Винчи және Альберх Дюрер болды. Дюрер перспектива теориясын, форманы жалпылау әдісімен дамытты. Леонардо да Винчи сызық пен ауа перспективасына үлкен үлес қосты. Орыс суретшілері Воробьев, Венецианов, Чистяков формаларды бейнелеу теориясын дамытуға көп еңбек сіңірді. Венецианов перспективаны суреттеудің ерекше бір әдісі деп көрсетті. Чистяков перспективалық сызықты денелерді бейнелеуге қолдану қажеттілігін айтты. Ол реалистік принциптерден ауытқу бейнелеу сауаттылығын ғылыми негізінен түсінбеуге, өнердің құлдырауына әкеп соғатынын түсіндірді.

Өнердің даму эволюциясында кеңістікті қағаз бетіне, жазықтыққа орналастырудың екі түрі болады: 1) Жазықтықтағы қандай да бір бейнелеу кейде өрнек түрінде, жазу секілді оңнан солға қарай немесе керісінше ор-

наластырылады. 2) Жазықтықта бейнеленген заттар мен құбылыстардың көлеміне және алыстағы иллюзия елестуді арқылы елестейді.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады:

1) Жалпы графика өнері реализм жолымен дамыды. Мұның суретшілердің барлық уақытты да айналадағы заттар мен құбылыстарды бейнелеуінен байқауға болады.

2) Египет суретшілері орындау техникасын жақсы меңгерген. Олар алыстықты қосарланған контур сызықтар арқылы, ал перспективаны горизонталь жолақтармен бейнелейді.

3) Ертедегі грек суретшілері графика өнерінің практикасы мен теориясын едәуір байытты және өнердегі реализмнің дамуына дұрыс бағыт берді.

4) Орта ғасырдағы христиан діні реализмінің дамуына кедергі жасады. Діни фанатизм кеңістіктегі форма аспектілерін бейнелеуге тыйым салады.

5) Қайта өрлеу дәуірі сызық, ауа перспективасы теориясын жасап, формаларды бейнелеудің әр түрлі әдістерін тауып, реалистік өнердің қайта дамуына жол ашты.

6) Формалистер-өнері теорияларын жоққа шығарып өнер тарихындағы жинақталған тәжірибиені мойындамады.

7) Реализм бейнелеу өнерінің дамуына дұрыс жол ашты.

Египет храмдарын, сарайларын, пирамидаларын, Ежелгі греция мен Римнің алып құрылыстарын салу барысында графикамен бейнелеу тәсілі қолданылған. Заттардың бейнелеу жөніндегі мәліметтер Эсхильдің, Демокриттің еңбектерінде кездеседі.

Графика перспективасы туралы алғашқы еңбекті Эвклид б.з.д. 300 жыл жазды. Бұл жұмыс 61 теорема мен 12 аксиомадан тұрды. Бұл бүкіл әлем геометрлері негізге алған маңызды еңбек болып табылады.

Архитектор Витрувидің трактаттарына қарағанда, римдіктер де архитектура құрылыс чертеждерін сызу ба-

рысында графикалық әдістерін қолданды.

Ертеде графика заңдылығын театр декорациясын бейнелеуге қолдануына байланысты “Сценография” деп аталған. Бұл ғылымның негізін алған Ренесанс дәуіріндегі Италия архитекторы және суретшісі Филиппо Брунеллески. Ол графиканың және перспективаның ережелерін архитектуралық құрылыстарға қолданды. Сонымен графика туралы ілім жүйеге түсе бастады. Қайта өрлеу дәуірінде кескін, скульптураның қарқынды дамуына байланысты, графика одан әрі дами түсті. Қайта өрлеу дәуіріндегі атақты итальян суретшісі және ғалым Леонардо да Винчи өзінің кескін туралы трактатында графика жарық пен көлеңкені бейнелеу туралы маңызды ойлар айтқан.

Көрнекті орыс суретшісі А.Г. Венецианов та өзінің 20 жылға жуық өмірін графика өнерінің заңдылықтарын ашуға арнады. Поленов, Суриков, Репин, Серов, Врубель сияқты талантты суретшілердің ұстазы болған атақты педагог П.П.Чистяков графиканы бейнелеу ережелерін оқытып үйретуге аса зор мән берді. Қазіргі таңға дейін графика өнері көркем сурет факультеттерінде арнайы пән ретінде оқытылып келе жатыр.

Қандай суретші, қандай қоланбалы өнер шебері болса да айналадағы кеңістіктегі заттарды бейнелейді. Бірақ олардың кеңістіктегі заттарды бейнелеудегі әдістері бірдей емес.

Кескінші заттың кеңістіктегі көрінісін-кенеп бетіне бейнелесе, графика – суретші қағаз бетіне бейнелейді, қолданбалы өнер шебері әр түрлі материалдар бетіне өрнектермен бейнелейді. Қазақ шеберлері кеңістікті ою-өрнек арқылы бейнелеуде бірнеше әдіс-тәсілді қолданған. Оның мысалдарын Қазақстан территориясындағы жартастар мен үңгірлер салынған кеңістіктегі заттар мен құбылыстардың суреттерін көреміз. Ол суреттерде аңдар мен жануарлардың тұтас тұрпаттарының ерекше ірі белгілері ғана бейнеленген.

Сондықтан мұндай көріністердің бейнесі графикалық ою-өрнектерге сәйкес келеді. Бірақ ертедегі бұл суреттерде объектінің пропорциялық өлшемдер қатынасы дұрыс берілгенмен, өлшемдер бірдей заттардың көрушіден алыс-жақындығына байланысты ірі немесе кіші болып өзгеруіне жеткілікті көңі өлінбеген, сонымен қатар жартастағы суреттерде көбінесе заттың жанына қарағандағы көрінісі бейнеленген.

Бұл – кеңістік көріністерін бейнелеудің байырғы әдістерінің бірі. Мұндай бейнелеудің әдісі Египет өнерінде де кездеседі. Өлгіндей суреттері бар жартастар мен үңгірлер Қазақстанда аз кездеспейді. Солардың ішінен қара үңгірін, Ақ мешіт үңгірін, Мұныскерей үңгірлерін атап өтуге болады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Әбдіғалпарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. Алматы: 1999 ж.
2. А.А. Грибовская, Т.А. Левченко, Қ.Б. Арганчаева.
3. Халық өнері және балалар шығармашылығы. Алматы: 2008ж.

#### Резюме

*Цель: развитие отзывчивости, знакомство с произведениями графики. В произведениях изобразительного искусства важен не только цвет. Живопись тесно связана с рисунком. Чем совершеннее, лучше рисунок живописца, тем успешнее он будет решать цветовые задачи. Очень важным отличием графики от других видов изобразительного искусства является связь ее с печатью.*

#### Conclusion

*Types of drawing art. Graphics. Aims: development of acquisition of graphical work. Color is not the only important thing in the work of drawing art. Art is tightly connected with the picture. How is the picture of drawer perfect and better so luckier will be the color.*

*Graphics connection with the type is as the most important difference form another kinds of art.*